

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 422 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 қарашада № 5249 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына және 6 бабының 2 тармағына сәйкес Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 мамырдағы № 172 "Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4108 тіркелген, 2017 жылғы 02 маусымда "Сарыағаш" газетінде және 2017 жылғы 01 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Сейтимбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 19 қарашадағы
№ 422 қаулысына қосымша

Аудан әкімі

М. Отаршиев

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№ р /с	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Автомобиль жолдарының мекен-жайы, шақырым	Ж а л п ы ұзындығы, шақырым
1	KXSG-1	"КХ-11-Құркелес-Алғабас"	0-2,75	2,75
2	KXSG-2	"КХ-55-Шымырбай елді мекеніне кіреберіс жол"	0-11,4	11,4
3	KXSG-3	" К Х - 1 1 - Дарбаза-Тасқұдық-Сарысу"	0-29,5	29,5
4	KXSG-4	"Дарбаза-Ердәуіт"	0-4,02	4,02
5	KXSG-5	"КХ-11-51 разъезд елді мекеніне кіреберіс жол"	0-2,97	2,97
6	KXSG-6	"КХ-50 - Қанағат-Ақниет"	0-4,65	4,65
7	KXSG-7	"КХ-49-Дербісек -А-2"	0-4,85	4,85
8	KXSG-8	"КХ-49-Жемісті-Тың"	0-2,4	2,4
9	KXSG-9	"Әлімтау-Тасқұдық-Көктал"	0-29,8	29,8
10	KXSG-10	"Тегісшіл-Мәдениет"	0-2,34	2,34
11	KXSG-11	" А - 1 5 - Сарыағаш-Ветлаборатория"	0-2,47	2,47
12	KXSG-12	"КХ-55-Қарақалпақ елді мекеніне кіреберіс жол"	0-0,9	0,9
13	KXSG-13	"Қарабау-Жанатұрмыс"	0-1,86	1,86
14	KXSG-14	"КХ-49- Жемісті -А-2"	0-3,85	3,85
15	KXSG-15	"А-15-Винзаводқа кіреберіс жол"	0-1,05	1,05
16	KXSG-16	"КХSG-19-Құрсай елді мекеніне кіреберіс жол"	0-4,55	4,55
17	KXSG-17	"КХ-55-Шайхана елді мекеніне кіреберіс жол"	0-0,63	0,63
Барлығы:				109,99